

Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі, сондай-ақ мұнай өнімдерінің өндірісі мен мұнай өнімдері айналымы саласында есептеуіш бақылау аспаптары деректерінің операторын айқындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1177 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 3 тамыздағы № 638 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.08.2023 № 638 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 3-1) бабының 5-2) тармақшасына және "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 12-5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы:
 - 1) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі;
 - 2) мұнай өнімдерінің өндірісі мен айналымы саласында есептеуіш бақылау аспаптары деректерінің операторы болып белгіленсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов